

**АТАМҰРАТ МӨРӘЛІҰЛЫ ШӘМЕНОВ**  
(70 жасқа толуына орай)



Мемлекет және қоғам қайраткері, экономика ғылымдарының докторы Атамұрат Мөрәліұлы Шәменов 2021 жылдың 5 қаңтарында 70 жасқа толады.

1974 жылы Мәскеу мал дәрігерлік академиясын ауыл шаруашылығының маманы ретінде бітірген. Сол уақыттан бастап 1983 жылға дейін ЛКЖО Қызылорда обкомында нұсқаушы, қазіргі Қызылорда мемлекеттік университетінде оқытушы, Қазақстан ЛКЖО ОК-де бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарды. Кейіннен Қазақ КСР-і Министрлер Кеңесі төрағасының көмекшісі, іс басқармасының аға нұсқаушысы, бас маманы ретінде жұмыс жасады. Қазақстан Республикасының тұңғыш президентінің алғашқы ұйымдастыру мәселесі жөніндегі көмекшісі болған. Осы уақытта маңызды мәселелерді шешуде жауапкершілікті өзіне алу мен бастамашылдық көрсету үлгісін Семей

ядролық полигонының 1991 жылдың 29 тамызында жабылуы туралы ҚР Президенті жарлығының шығуында көрсетті.

Атамұрат Шәменов Қазақстанның гидрометеорологиялық қызметін басқарған уақытта ел экономикасының ауыр кезеңдері болатын. 1995 жылдың 19 қазанындағы ҚР Президентінің жарлығына сәйкес Министрлер кабинеті жанындағы гидрометеорология бас басқармасы дербес Қазақстан Республикасы гидрометеорологиялық бас басқармасы болып қайта құрылды. Осы уақытта, яғни 1994...1999 жылдары Қазақстан республикасының Гидрометеорология бас басқармасының бастығы, Әлемдік метеорология ұйымында Қазақстан өкілі міндеттерін атқарды.

ҚР Президентінің 1997 жылдың 10 қазанындағы Жарлығына сәйкес Экология және биоресурстар министрлігінің Гидрометеорология және табиғи ортаның мониторингі агенттігі жаңадан құрылған ҚР экология және табиғи ресурстар министрлігінің құрамына Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (РГКП) «Қазгидромет» ретінде берілді.

Сол жылдары Атамұрат Мөрәліұлы «Гидрометеорология и мониторинг природной среды» (1996 ж.), «Управление и экономическая эффективность» (1997 ж.) монографияларын, «Краткий казахско-русский и русско-казахский словарь гидрометеорологических терминов» (1996 ж.), «Засушливые явления» (научно-прикладной справочник по агроклиматическим ресурсам РК, 1997 ж.), «Агроклиматическое обеспечение овцеводства» (научно-прикладное справочное издание, 1998 ж.) кітаптарының бас редакторы болды. 1999 жылы «Росгидрометпен» бірлесе отырып «Толковый словарь по сельскохозяйственной метеорологии» кітабында редакциялық кеңестің төрағасы болды, бұл сөздік 2002 жылы арнайын кітап болып шыққан.

А.М. Шәменов 1999 жылы Ұлттық ғылым академиясының Экономика институтында «Стратегия управления и оптимизации системы гидрометеорологического обслуживания в условиях рыночных отношений» тақырыбында 08.00.05 – Халық шаруашылығының экономикасы мен басқаруы ғылыми мамандығы бойынша докторлық диссертация қорғады.

Сонымен қатар Атамұрат Мөрәліұлы КазНИГМИ ғылыми зерттеу институтын КазНИИМОСК институтына айналдырды, биыл 25 жылға толған «Гидрометеорология и экология» журналын 1995 жылы ашты.

Кейінгі уақыттарда ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік қызмет академиясының Біліктілікті арттыру мен кадр дайындау институтының директоры, Алматы экономика және статистика академиясында және

Евразия нарық институтында проректор, Қазақ мемлекеттік аграрлық университетінде Бас ғылыми-хатшы, Агробизнес институтының директоры, Алматы заң академиясында экономика және қаржы кафедрасында меңгеруші болды. Қазақстан Республикасы журналистер одағының мүшесі.

Атамұрат Мөрәліұлы өзінің керемет жеке қасиеттерінің арқасында әріптестер мен студенттер арасында беделге, құрметке ие.

Мерейтой иесін шын жүректен құттықтаймыз. Сізге ұзақ өмір, шығармашылық табыс, мықты денсаулық, барлық жоспарларыңыздың орындалуын тілейміз!

РГП «Казгидромет»,  
Журнал редколлегиясы.